күні қала прокуратурасы кәмелет жасына толмаған тұлғалармен және оларға қарсы жасалған құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қала аумағында орналасқан мектептерде жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыс барысында мектеп ата - аналары мен 8-11 сынып оқушыларына түсіндіру жұмысы жүргізілді. АПБ ЖҚТБ ЮПИ полиция капитаны өзінің «Жалпы құқықтық білім беру» баяндамасын оқу барысында ауылда немесе мектеп ішінде құқық бұзушылық жасаған балалар есепке қойылғаннан кейін АПБ қызметкерлерінің бақылауында болатынын айта келіп, қалада бүгінгі таңға дейін қанша тіркелген әкімшілік пен қылмыстық істер туралы мәлімет айтып, осы бойынша қандай жұмыстар жүргізілгені мен қандай шаралар берілгені туралы мәлімдеді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. Жалпы есепте тұрған қылмыстық іс және әкімшілік жазаға тартылған балалармен жұмыстар жүргізу, сабақтан тыс уақыттағы ата - аналардың міндеттері туралы да түсіндірді. Қалада жүйелі түрде түнгі рейдтер жүргізіліп, өтілген рейд бойынша мерзімді түрде есеп жинақталып, түнде көшеде оқушылар ұсталған жағдайда балалар есепке алынып, ата – анасымен тікелей байланыс жасап, ата – ана айыппұл төлейтіні туралы түсіндірді. Бейнеролик ұсынып, соңында оқушыларды жақсы оқып, үйдегі ата – аналарының балаларынан үлкен үміт артып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар қазіргі таңдағы ең көп орын алып жүрген қылмыстың бірі буллинг пен кибербуллинг туралы оқушыларға түсіндіріп өтті. Жас өспірімдер арасында өз - өзіне қол жұмсау осы кибербуллингің ықпалынан орын алуда. Тергеу барысында барлық қылмысқа қатысы адамдар анықталып, қылмыстық іс қозғалып, жауапкершілікке тартылатынын түсіндірді. Балаларды жақсы оқуға, спорттық үйірмелеріне қатысуға, кітап оқып сауатты да, ақылды азамат болып өсуге шақырды.

Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу. **Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу. **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Наурыздың 19 күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында наурыз айындағы “Күй күмбірі” орындалды. Шараға 36 оқушы “Балбырауын” күйін орындады. Әлеуметтік желіге салынды.

Мақсаты: оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. 8 наурызға орай қыз балалар мен әйел мұғалімдер арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Қатысушыларға жүлделі марапаттар берілді.

ҚР Рәміздерін бағалауға «Мемлекеттік Рәміздер - біздің еліміз бен егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі» тақырыбы аясында мектепшілік жиын, «Рәміздерім-мақтанышым», «Егемен елдің Рәміздері-Заңмен қорғалады», «Көк байрағы желбіреп, тәуелсіздіктің таңы атты», «Мен Рәміздерді қастерлеймін», «Менің Рәміздерім- ұлт мақтанышы» әдеби-монтаж шаралары болса, «Отанымның көк Туы «Елтаңба туралы білейік» тақырыбы аясында 2-5 сыныптар арасында танымдық сағаттары «Мен Отанымның ұланымын» сияқты тәрбие сағаттары 6-8 сыныптарда, «Ата Заңым - ардағым», атты тәрбие сағаттары 9-10-11 сыныптарында өткізілді.

қаңтар аралығында Қазақ есебі челленджі («Тоғыз айғатоғыз шара» жобасы), сонымен қатар Ұлттық өнер ұрпаққа мұра тақырыбында (төрт тоқсан-төрт өнер жобасы бойынша), сынып сағаттары өткізілді. Ақпан айында Оқуға құштар мектеп челленджі өткізілді. Ұйымдастырушы кітапханашы 14-23 наурыз 10 күндік жоспар құрылды. Жоспар негізінде іс шаралар өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/kNjwhrRveQjGTU6W/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/TU5ukuw76SuBZqih/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/AJ96przbUiw3mtdP/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/rbw7ipSRCmCAZgus/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: Біртұтас тәрбие бағдарламасы **Оқушылардың әлеуметтік жағдайы**

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: ДТІЖО, сынып жетекшілер

Орындау мерзімі:

Негіздемесі: Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны –1. Оқу жылында жетім және АҚҚ оқушылардың жәрдемақыларының мақсатты жұмсалуды, мүлкінің сақталуы бойынша жұмыстар атқарылды.

«29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0

Тәуекел топтағы оқушылар – 64.

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге

«Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық - жүректен» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жиналған қаражат екі отбасына қаржылай қолдау көрсетуге жұмсалды.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

Жетім және ААҚҚ оқушылардың алты ай сайынға есебі білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық бөліміне уақытылы тапсырылды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

<https://www.facebook.com/share/p/UdyThx5jKPhsXBUG/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/2ieZN2TkM8J8dHf3/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/kVvs7j4oJpDa7azY/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: Біртұтас тәрбие бағдарламасы

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: ДТІЖО, сынып жетекшілер

Орындау мерзімі:

Негіздемесі: әрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында **ұлттық мүдде, ар-ұят, талап** сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады.

Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын негізге алып әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;

Сонымен қатар жаңа оқу жылының тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Төле бидің 360 жылдық, Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық, Музафар Әлімбаевтың 100 жылдық, Халел Досмухамедовтың 140 жылдық, Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық, Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдық, Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық, Шәкен Аймановтың 110 жылдық, Әбілхан Қастеевтің 120 жылдық мерей тойларына назар аудару қажет.

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұйымының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады.

Осынау ауқымды шаралардың нәтижелі жүзеге асып, сапалы орындалуы, ең бастысы – мекеменің имиджін көтеру, танымалдылығын арттыру, бәрі де орталық мамандарының ынтымақтастығына, жаңашылдығына, үндестігіне, ғылыми әлеуетіне, шығармашылығына тікелей байланысты болмақ.

Барлық айтылған ойларымыздың түйіні – жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі әр қадамымызды бүгінгі және келешек ұрпақтың өміріне әсер ететін қандай да бір проблемаларды шешуге байланысты білім, білік, көзқарастар үйлесіміне ерекше мән беруіміз керек. Өйткені, бұлар – ғаламдық күзіреттер. Қазіргі әлемдік проблемалар біздің жеке емес, сол әлемдегі құбылыстармен санаса өмір сүруіміздің қажеттілігін де айқындап отыр.

Түйіндеп айтатын болсам, «қолымызды мезгілінде дөп сермеуіміз керек». Өйткені Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – білім беру

мекемелері, ата-ана, қоғам, яғни баршамыздың парызымыз. Бірлескен жұмыстың нәтижесі болмақ. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысу қажет.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының дінгегі десек те болады

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсінуіміз және түсіндіруіміз қажет.

Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген этностық сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ұлт бар жерде ол да бар. Ұлтпен бірге өмір сүреді, жойылмайды, құбылып өзгермейді.

Ұлы Абай айтқандай, «толық адам» келбетіне жету – түпкі нәтижені меңзейді. Тәрбие – бұл көпжақты, үздіксіз, қоғамдық құбылыс. Сондықтан болашақ ұрпақ тәрбиесіне біртұтас ел болып ат салысу басты парызымыз!

<https://www.facebook.com/share/p/L7MqA6mVAcFfrx6r/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/9LbYcAyAhqHhc9ML/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: Біртұтас тәрбие бағдарламасы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудағы сынып жетекшінің ролі

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: ДТІЖО, сынып жетекшілер

Орындау мерзімі:

Негіздемесі:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудағы сынып жетекшінің ролі

Биылғы 2023-2024 оқу жылының ерекшелігі «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру көзделіп отыр. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»- ұлттық адами құндылықтарға негізделген. Жалпыадамзаттық ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. [ӘНХ. 2023-24] 6

Тәрбие жұмысында барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары және қоғам, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі тиіс. Алдымен бала отбасында ұлттық тәрбие көзінен нәр алып, халық ауыз әдебиетімен сусындайды. Ата-аналар ертегі, аңыздар, тарихи шежіре, қисса-дастандар, өлең жырларды көбірек бала құлағана сіңіртсе, баланың өзіндік пікірі қалыптаса бастайды. Уақыт өте бала мектеп жасында қоршаған ортада, құрдастары арасында өзіндік ойы бар жеке тұлға екенін көрсете алады. Мектепте балаға басты тәрбие беруші - сынып жетекші. Сынып жетекшісі - сабақтан тыс [тәрбие жұмысын ұйымдастырып](#), үйлестіріп, келістіріп өткізетін педагог. Бүгінгі күні сынып жетекшісі – кәсіпкер-педагог, ол өсіп келе жатқан бала үшін жалпыадамзаттық мәдениетті меңгеруде оқушымен қоғамның арасындағы

рухани жалғастырушы; сынып ұжымының бірлескен іс-шараларын ұйымдастырушы; оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсатымен, олардың дамуын бақылаушы, тәрбие жүйесіне қажетті өзгерістер енгізуші, мектеп психологымен бірігіп оқушының қоғамдық өміріне түзетулер жасаушы; сыныпта қолайлы моральдік–психологиялық ахуал қалыптастыру үшін сынып ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті тәрбиелік ықпал жасаушы.

Орта білім беру ұйымдарының кешенді жоспардың нұсқаулығында сынып жетекшінің міндеттері аталып көрсетілген.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

Салауатты өмір салтына ынталандыру;

Сыныпта достық ортаны, өз ара түсіністікті құру;

Білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

Ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға арналған консультациялар;

Білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналар мен өзара әрекеттесу;

Аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу. [ӘНХ]

Сынып жетекші тек тәрбиелеуші ғана емес, тек оқытушы ғана емес сонымен қабат баланың өміріне тікелей жауапкершілікті арқалаған тәрбие тетіктерін іске асырушы. Солай екен деп ата-аналар бала тәрбиесінде шетте қалмай, мектепке, сынып жетекшіге ысырып қоймай, білім беру ұйымымен бірігіп, «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыруға атсалысуы керек. «Қалай?» деген орынды сұрақ туындайды. ҚР оқу ағарту министрлігі білім беру ұйымдарында қалай жасау керек жолын қарастырып, жасап берді. Білім беру ұйымдарында «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығын» құру тапсырылды. Ай сайын ата-аналарды мектеп қабырғасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқыту мақсаты көзделіп отыр. Бұл әрине, керемет бастама, мектепке ата-аналарды тарту мәселесі сынып жетекшілердің ата-аналармен өзара жағымды әрекет ету нәтижесінде оң шешімін таппақ. Тәрбие мәселесінде ата-аналарға қолдау көрсетіп, күрделі мәселелерді біріге отырып қарастыру - ХХІ ғасыр ұрпағын заманына сай түсіне отырып үйлесімде болу, тәрбиелеу ісіндегі ерекше тәсіл. Орталықтың жұмысын ойдағыдай іске асыру, күтілетін нәтижесін көру ортақ іс, ортақ жетістік болмақ

<https://www.facebook.com/share/p/26KaZuFqcMc4MHfg/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/j5isd fpGRDSbXDH a/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/z1hyomFqS5RcSEyU/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/BHKYV2GoLRsaqzSx/?mibextid=oFDknk>

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде

Даналық мектебі клубының жұмысы бойынша

Тақырыбы: «Даналық мектебі» «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер»

Мақсаты: Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау.

Міндеттері:

- 1) Шежіренің сырын, мағынасын ашу
- 2) Қан тазалығы ұлт болашағы екеніне назар аудару
- 3) Әулет тарихын білудің мәнін түсіндіру

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның дүйсенбісі

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негізінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды.

Бүгінгі таңда ата мен немере арасында позитивті қарым-қатынас орнату өзекті мәселенің бірі болып отыр. Аталардың біразы жас, біразы жасамыс. Қалалақ жердегі аталардың көпшілігі зейнеткерлікке шығып үлгермегендіктен жұмысбасты. Бірақ мұның бір де бірі сіздерге аталық міндетіңізге әртүсті қарауға себеп болмауы керек. Аталарымыздың бағзы заманнан жолы үзілмей келе жатқан өз міндеттері бар. Сол міндеттеріміздің үдесінен шыға алып жүрміз бе?

Бүгінгі дөңгелек үстелде соның бірі «шежіре» мәселесіне тоқталды. Өсіп келе жатқан балаға

шежіре, әулеттің тарихы туралы кім айтады? Ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынасты кім реттейді? Жеті атаны кім үйретеді? Осы сұрақтарды талқылайтын боламыз. Олай болса, алғашқы сөзді осы мектептің 9 «А» сынып оқушысы Аружан Нұралыға атасы, Құрбанов Ускенбай ағайға сөз берілді. Жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ қан тазалығына ерекше мән берген. Мұны үлкен мақтанышпен айтуымыз керек. Себебі бұл бізден басқа бір де бір халықта болмағанын бүгінгі таңда өркениетті елдердің бәрі мойындайды. Данышпан бабаларымыз құда түсу арқылы осы мәселенің қыр-сырын ашып, бүкіл тетігін жасап кеткен. Енді, соны қалпына келтіретін заң қабылданса, керемет болар еді. Бірін бірі ұнатқан жастардың бір-біріне туыстығы бар-жоғын ата-анадан артық ешкім білмейді. Қазақ неге жеті атаға дейін қыз алыспаған? оқушыларға түсінік жұмыстары жүргізілді. «Атадан бата алмай, үй болмас, Ордадан үлгі алмай, би болмас», «Аталы сөз — баталы сөз», «Тегін білген текті адам», «Жеті атасын білген ер, жеті елдің қамын жер». «Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер», «Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі» деген сөздерді ата-балаларымыз бекер айтпаған болар. Осы сөздердің тәрбиелік мәні өте зор. «Мына бала жақсы екен кімнің баласы, тегі жақсы ау деймін бала негізінде тегіне тартады» деп жатады үлкен қариялар. Немерелеріміз жайлы осындай жақсы сөз естігіміз келсе, олар да кейін балаларына, немерелеріне өнегелі сөз айтсын десек, оны осы бастан қолға алуымыз керек. Жоғарыда үш спикер жеті ата мәселесінде, шежіре, қан тазалығы, әулет тарихы туралы біраз дүние айтып өтті. Енді осы жайындағы ойларымызды ортаға салып, пікір алмасты. Ниет білдіргендер өз ойларымен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/p/iBYscQWXjbx9hvp8/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/vbx8qGHfoyrsto5T/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/JpD5zdjutVvGT02V/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: «Даналық мектебі» Бабалар сөзі ұрпаққа өсиет

Мақсаты: Бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау.

Міндеттер:

1. Озық салт- дәстүрлерді талдап түсіндіру, дәріптеу;
2. Ұлттың рухани құндылықтарын тәрбиенің негізгі өзегіне айналдыру;
3. Отбасы тәрбиесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның дүйсенбісі

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды.

Шығыс халықтары батыс жұртындай емес, дәстүрді берік ұстанатындықтарымен ерекшеленеді. Сондықтан болар «Өнерін сыйлаған жұрт өрге, дәстүрін сыйлаған жұрт төрге шығады» деп, дәстүрге ерекше мән береді. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар», «заманына қарай адамы» дейтін қазақ күні кешеге дейін ата баба дәстүрінің өміршең тұстарын заманына қарай ыңғайлап, берік ұстанғанын жақсы білеміз.

- Содан қазақ жаман болды ма?

- Жоқ.

Дәстүрді берік ұстанған баяғы қазақ қоғамы өз уақытында мінсіз қоғам орната алды. Ауылды абыз ақсақал билейді. Оған ешкім қарсы келмейтін, өз кезегінде ақсақалдар да жеке мүддесін емес, елдің ғана жайын ойлайтын. Ешбір қыз отырып қалмайды, үйленбей қалатын жігіттер де болмады. Жетім, жесір деген ұғым атымен болған жоқ. Үйсіз күйсіз, жұмыссыз жүру дегенді ешкім білген емес, әр бала ата-анасының қасында болғандықтан буллинг, зорлық-зомбылық дегенді ешкім естімейтін. Ол кезде ата баба дәстүрі бірінші орында тұратын. Одан ешкім аттамайды. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі тіршілігіне не керек, бәрі ұрпақ санасына бірінші сіңірілетін. Оны үйрету үшін даңғарадай ғимарат салудың аса қажеттілігі болған жоқ. Бәрі балаға ата мен әженің, әке мен шешенің, аға мен жеңгенің ақылы, тәрбиесі арқылы беріліп жататын.

Талқылауға **10 минут** уақыт берілді. Талқылау барысында батаның критерийлерін жасады.

1. Бата түріне назар аудару
2. Жақсылықты Құдайдан сұрау
3. Бәле-жаладан аман болуды сұрау
4. Салиқалы, көркем мінезді болуды сұрау

5. Ақылды, парасатты болуды сұрау
6. Танымал адамдарға ұқсату
7. Ұлдарды айбатты жануарларға, заттарға ұқсатып, қайратты болуын сұрау
8. Қыздарды әдемі заттарға ұқсату
9. Т.б.

1. Кері байланыс «Батаның қандай түрлері бар, бата бергенде қандай мәселе қозғалады»? Барлық жерде бір бата берген дұрыс па?
2. Үлкендер бата түрін ажырата ала ма?
3. Немереңіз сапарға шықса, бата алуға әулеттің үлкеніне жібересіз бе? Сұрақтарға жауап берілді.

<https://www.facebook.com/share/p/djqyyoqCKUrXhox7/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: «Даналық мектебі» Ертегі танымның көзі

мақсаты: әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету.

Міндеттері:

- әжелердің тәрбиедегі орнын айқындау;
- ертегі туралы білімдерімен, ой-пікірлерімен бөлісу;
- ертегінің тәрбие құралы ретіндегі маңызын ашу;
- ертегіні оқушыға керек дағдыларды нақтылау;
- құнын жоғалтпаған ертегілер мен бүгінгі күн ертегілерінің айырмашылығы, мәнін ашу.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның жұмасы

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды.

Әже деген аяулы атаудың өзін тосырқап қалғандаймыз. Дегенмен, бұл әлеуметтік мәртебе екендігін ұмытпағанымыз абзал. Небір қиын жағдайларда ұрпағын аман сақтап, өсіру мен жетілдірудің жолдарын жан-жақты білетін даналар қазақ әжелері еді. Олай болса, әжелер қауымын «Даналық мектебі» аясында көргенімізге қуаныштымыз.

Воркшоп:

Сіздерге ортақ бір сұрақ: Сіздің әжеңіз қандай естілігімен қымбат немесе қандай естелік әжеңізді еске түсіреді?

(Қатысушылар өз әжелері туралы бір сөйлеммен жауап беруі тиіс)

- Менде әжемнен қалған күміс білезік бар.
- Біздің үйде әжеміз сырған сырмақ бар.
- Әжеміздің суреті маған ыстық... дегендей жауаптар беріледі. Ертегі деген атаудың өзі «ертедегі», «ертеде ерте күндегі» деген сөзден туған. Содан ертегі айтушыны «ертекші» дейді.

Аталарымыз бен әжелеріміз немерелеріне ертегілерін былай деп бастайтын: «Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен» деп көпке таныс өлеңдете бастау немесе «Ертеде, ерте ертеде, бәлкім одан да ерте ме, бір бай бопты», «Ертеде кемпір мен шал болыпты» - деген сияқты тіркеспен басталғаны қалыптасқан үрдіс еді. Бұл ертегінің алдында үнемі айтылып отыратын дағдылы сөздер ертегінің жолын ашады, бағытын аңғартады. Ертегінің басталуы мен баяндалуында өзге сөзден бөлек, өзіне тән айшықты өрнектері бар. Мұндағы мақсат: балалар соны аңғарсын да тыңдар ертегісінің ерекшелігіне бейімделе берсін деп психологиялық ахуал туғызғаны.

<https://www.facebook.com/share/p/W9k9DxfWjjXt4svS/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: «Даналық мектебі» Ырым тыйым әдептілік негізі

Мақсаты: халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелерге берілетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау

Міндеттері:

- әдептілік туралы тұжырымдар жасау;
- ырымдар және оның маңызы туралы түсіндіру;
- тыйымның ұлттық тәрбиедегі орнын ашып, мәнін айқындау;
- қазақ халқының ырым-тыйымдарына мұсылмандық әдеп қағидаларының ықпалын нақтылау.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның жұмасы

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды.

Әже деген түсінгенге – әлеуметтік мәртебе. Бұл адамның өмірлік тәжірибе жинап, ақыл-парасатының кемелденген шағы. Сондықтан осындай асыл жандар мектепке жиналып, баламыздың баласы – немерелеріміздің тәрбиесіне атсалысуға мүмкіндік берген тағдырға рақмет айта отырып, ортақ тақырыпта әңгімелесіп, ғибрат алу – біздің мүмкіндігімізді арттыруға тиіс.

Біз қазақ халқы сан ғасырлық тарихымыз, ұлан-ғайыр даламыз, өз мәдениетіміз бар ұлтпыз. Ендігі әңгіме өз ұлтымыздың ділі туралы, оның ішінде әдептілігіне негіз болар ырым-тыйымдарымыз туралы болмақ. Барымызды бағалайық. **Әдептілік дегеніміз не?** Бұл сұрақтың аясында мектебіміздің белсенді аналарының бірі, ... сынып оқушысы, әжесі апай өз ойын бөліседі. **Ырым әдепке негіз бола ала ма?** Бұл сұраққа жауапты бізге мектебіміздің белсенді әжелерінің бірі, ... апайдайындап келгенеді.

Қазақ баланы педагогика-психология деген ғылым жоқ заманда «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деп, қарапайым қағидалармен тәрбиелеген.

«Ұят болады» деп әдепке үйретсе, «жаман болады» деп жақсы нәрсеге ырымдап, «обал болады» деп тыйым жасап отырған. **Әдептің негізі жақсы болмаққа ниеттене бет бұрып, жамандықтан, ерсі әрекеттен тыйылудан тұрады.**

Ырым (ғұрып) – халқымыздың бізге мирас болған ғұрпы. Ырымның жолдары мен түрлері өте көп. Мысалы халқымыз шешен болсын деп, дуалы ауызды адамға баласының аузына түкірту, отаншыл болсын деп туған жерге аунату, ержүрек болсын деп батырдың сарқытын жегізу немесе оның атын қою сияқты ырымдар бар.

<https://www.facebook.com/share/p/jALPMXCy5xyCkZt5/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: «Даналық мектебі» Ағасы бардың жағасы бар

Мақсаты: Ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру.

Міндеттері:

- 1) Ағалық міндеттің мағынасын ашу
- 2) Інілері мен қарындастарына қамқорлық жасаудың мәнін түсіндіру

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның жұмасы

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды.

аға мен іні, аға мен қарындас арасындағы қарым қатынас туралы әңгіме қозғайтын боламыз. Отбасы, адамға ең қымбат, ең жақын адамдар туралы, олардың мейірімділігі, сүйіспеншілігі туралы сөз қозғаймыз. Әр адам өзі жетпеген арманға, шығатын биікке тек ұрпағымен жетуді мақсат етеді. Осы қағиданы мықты ұстанған халық бала болашағын тәрбиеден бастайды. Бүгінгі іс-шарамызда тәрбиелеудегі ағаның рөлі туралы пікірлеспекпіз. Алдымен қонақтарымызбен таныстыра кетсек: Аға – өзінің соңынан ерген інілері мен қарындастарына тірек, қорғаныш. Аға әр отбасындағы жол бастайтын, өзінен кейінгілерге бағыт бағдар беретін тұлға. Іні мен қарындасы ағасына қарап бой түзейді, қиналғанда ағасын арқа тұтады. Сондықтан да «Ағасы бардың жағасы бар», «Ағаның үйі ақ жайлау» деп арқаны кеңге салып жүреді. Өз кезегінде аға да іні-қарындастарының қуанышына ортақтасып, жығылғанда демейді. Ал іні ағаның артынан ерген із. Бауырым деп бағалайтын қазынасы. Қазақ халқында аға мен іні арасындағы қарым-қатынас - ең ізгі, берік туыстық қатынас. Бүгінгі таңда осы қарым-қатынас өзінің беріктігін сақтап тұр ма? Балалар жасөспірім шағында ағаларының қамқорлығын көріп жүр ме? Бүгінгі жиында осы мәселе төңірегінде ой бөлісіп, «Аға мектебінің» жұмысын оң жолға қойсақ деген инициативамен жиналып отырмыз.

Олай болса, тәрбие мәселесінде ағалардың рөлі қандай деген мәселеде директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына сөз берейік, «Аға мен іні, аға мен қарындас арасындағы құрмет пен ілтипат» тақырыбында ұлттық тәрбиедегі ағалардың рөлі туралы айтып өтсе...

«Бүгінгі аға бауырларына қалай қаморлық жасайды?», «Ағаның ақылы», «Жасөспірімге ағаның берер кеңесі», т.б. «Ішкі-сыртқы шеңбер» әдісі.

1. Әр топ шеңбер бойымен – ішкі және сыртқы шеңберде бір-біріне қарап тұрады. Бір-біріне бетпе-бет тұрған жұптар жүргізуші ұсынған бір пікірді бір минут бойы талқылайды, біреуі айтқан кезде,

екіншісі тыңдап тұрады.

<https://www.facebook.com/share/p/Y7ubDjFaYyzTWTe/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: «Даналық мектебі» Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі

Мақсаты: Халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.

Міндеттері:

Інілерін спортқа баулу ағалардың міндеті екенін түсіндіру

Ағаның інісі мен қарындасына деген қамқорлық сезімін ояту

Аға мен іні арасындағы қарым-қатынастың сырын ашу

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның дүйсенбісі

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды : Міне «Нағыз жігіт» туралы бейнероликті көріп, кейіпкерімізді жақынырыяқ таныдыңыздар деп ойлаймын. Алайда, сіздің балалық шағыңыз, спорттағы жетістіктеріңіз, жеке өміріңіз, хоббиіңіз, ата-анаңыз, ағайын-туыстарыңыз, аға-інілеріңізбен қарым-қатынасыңыз туралы мәліметтердің бір роликпен түгесілмейтіні белгілі. Мына жерге жиналған көпшілік сізбен тереңірек танысқысы келіп отыр. Бүгін сіздің спортшылығыңыздан өзге қырларыңызды көреміз деген ойдамыз. Енді өзіңізге арналған сұрақтарға кезек берейік. Олай болса, алғашқы сұрағымыз:**Сұрақ:** Ең алғаш спорт үйірмесінің есігін ашқан сәтте неше жаста едіңіз және спортпен айналысуға кімдер ықпал етті? Бүгін көңілде жүрген біраз мәселені ортаға салып, ой бөлістік. Ұлттық тәрбие мектептерінде «Аға мектебінің» орны ерекше екенін тағы да айтқымыз келеді. Ағаның қамқорлығын көрген іні-қарындастары ешкімнен зорлық көрмейді. Ағам бар деп арқа сүйеп жүреді. Ал сіздерге тек жеңістер мен сәттілік тілейміз. қатысушылар, «Даналық мектебі» жұмысына белсене қатысып, Ағалар қамқорлығын насихаттауға үлес қосқандарыңыз үшін бәріңізге мың алғыс. Бүгінгі кездесу кешінде естігендеріңізді әлеуметтік желілер арқылы інілеріңіз оқитын сыныптағы ағалармен бөлісіп, осы жұмыстың жандануына үлес қосады деп сенеміз.

<https://www.facebook.com/share/p/Le4nJVgNdm91xhcm/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: «Даналық мектебі» Қыз ғұмырдың құпиялары

Сабақтың мақсаты: жаһандану жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру.

Міндеттері:

- қыз баланың тұлғалық қалыптасуына қатысты талаптарды нақтылау;
- қыз тәрбиесіндегі құндылық сапа – «пәктік» ұғымының сырын ұғындыру;
- халқымыздағы қыз бала тәрбиесі арқылы отбасы бақытын сақтау құпияларымен бөлісу.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның жұмасы

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды. сұлуын қолдана білетін дана Абайдан бүгінгі Израил ақынға дейінгі толқындардың ішінде қызды жырламаған ақын жоққа тән. Израил Сапарбаевтың қызға арнаған мына анықтамасына назар аударайықшы: *«Бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы қыз – ару. Жүзі жылы, өзі ұяң, тәні нәзік қыз - әсем. Сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін, болмашыға пісіп-күймейтін, келбетті қыз – сұлу. Істесе үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын, өзі бірден көзге түсе қоймайтын қыз – көрікті. Баппен сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын қыз – әдемі. Дене бітісі жинақты – тығыршық, сөзі салмақты, ісі тиянақты қыз – ажарлы. Көз жанары өткір, бет әлпеті бал-бұл жанған, тәні шымыр қыз – шырайлы».*

Бұл енді сұлулық пен тартымдылыққа көбірек негізделсе, Сіздер тұлғалық қалыптасуы жағынан көбірек аштыңыздар. Шынымен, бүгінгі қазақ қызы: **білімді, мамандық игерген, әлеуметтік бейім, заман талаптарына сай, қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан, өз қажеттілігін өтей алатын тұлға болуы шарт.** Әрине, мұнымен қоғамнан өз орнын таба алуы, отбасын құрып бақытты ана атануы үшін үйренері аз емес. Біз оны келесі сұрақтар аясында толықтыра жатамыз. **Қыздарға қатысты талаптың ең**

маңыздысы?геометриялық фигуралар арқылы топқа бөліну.Бірнеше геометриялық фигураларды араластырып қатысушыларға таратып береді (неше топқа бөлсеңіз сонша геометриялық фигураларды бірнешеуден дайындау керек). Бірдей фигураларды алғандар өзара топтасады.

Барлық топқа бір мәтін беріледі, бірақ тапсырмалар әртүрлі

Мәтінді оқуға және жүйелеп дайындалуға 15 минут уақыт беріледі. Және талдауға 3-4 минут уақыт беріледі.

<https://www.facebook.com/share/p/WcfdubtnXxL7HrZD/?mibextid=oFDknk>

Сабақтың мақсаты: қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану.

Міндеттері:

- жеңгенің отбасында қыз баланың қамқоры екендігін түсіндіру;
- жеңгенің отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтаушы ретінде рөлін ашу;

қазақтың салт-дәстүрін сақтаудағы келіннің рөлін ашу арқылы қыз балаларды болашақ өмірге даярлауда тәрбие берудегі үлгісін нақты мысалдармен ашу

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның жұмасы

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негізінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды. Жеңгелермен қыз балалар арасында танымдық сағат өткізілді. Шараға жоғары буын оқушы қыз балалары қатысты. «Ұлтыңды сақтаймыз десең, қызыңды тәрбиеле»«Есті қыз екі елдің туын ұстайды»«Қыз баланың тілегі – тәңірден, қызыл дәннің барар жері – диірмен»«Ақылды туған қыз бала, батыр туған ұлмен тең»«Жақсы келін құрдасындай болар, жақсы ұлың сырласындай болар» т.б. Жеңгелер деген кім және оның қыз бала тәрбиесінде орны бар ма?Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтауда жеңгенің не келіннің рөлі қаншалықты?Ұлттық, отбасылық құндылықтарды сақтап, отбасындағы салт-дәстүрді сақтаудағы ісімен үлгі бола ма?Қыз баланы болашақ өмірге даярлау мәселесі маңызды ма? Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өз мәдениеті бар. Ол ұлттық құндылықтарынан, отбасындағы қарым-қатынасынан, ұрпақ тәрбиесінен көрініс табады. Дүниеге бала келгеннен бастап, оны өсіру-тәрбиелеуде ертең осы ұрпағым басқа елмен туыс етеді, үйдегі берген тәрбиемізді, осы үйде көрген өнегесін басқа үйде көрсетеді деп, отбасында жақсы тағылым беруді білген. Мысалы, жаңадан келіп түскен келіннің жүріс-тұрысы арқылы шыққан жеріне баға беріледі. «Әдепті келін – ауылдың көркі», «Келінді келін демесең, жақсы болса өз қызындай», «Балаң жаман болса да келінің жақсы болсын» деп жататыны сондықтан.Сабағымыздың мазмұнын ашатын алғашқы сұрақ:**Жеңгелер деген кім және оның қыз бала тәрбиесінде орны бар ма?** **Сұрақтар** қойылып жауаптар берілді.Қыз балалар өз ойларын ортаға салып сыр шетті.

<https://www.facebook.com/share/p/WcfdubtnXxL7HrZD/?mibextid=oFDknk>

2023-2024 оқу жылы бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы бойынша

Тақырыбы: Адалдық сағаты

Мақсаты: 1.“Өзгелерге қиянат жасамау, адал болу” деген ұғымдарды түсіндіру.

2. Адалдық туралы көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық адамгершілік сезімдерді қалыптастыру

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның дүйсенбісі

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы бойынша жылдық жоспары негізінде шаралар өткізілді. Оқушылар біз бүгін «Адал болып өсеміз» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткіземіз.

Бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз сендерді осы жастан бастап адал жолмен жүруге, адал болуға шақырады.Адам - ғалам ғажайып, жеке - дара,Жан құмары ізденген мәңгі сана.Өзіңді - өзің танысаң, істің басы,Түзеген өз ғаламын болған дана.Оқушылар кім қандай ақындардың нақыл сөздерін

біледі: Шәкәрім қажы адалдық турасында: Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, Ғибадат пен адалдық ар үшін жи, - деп, бақыттың өзі адалдыққа негізделетінін айта келіп, адалдықтың ар біліміне қатысына да ерекше көңіл бөледі. Адалдық қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуын ашып көрсетеді.

Адалдық - адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана - сезімі мен ар - ожданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық - этикалық жиынтығы. Қазақ пайымында адам бойында адалдық пәктік, ар - ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиеттердің қалыптасқан нормаға сай болуы керек. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделіктерінде көп айтылады.

<https://www.facebook.com/share/p/3cZkhE2PXgeDzTX9/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: Құқықбұзушылыққа қарсымыз

Мақсаты: 1. “Өзгелерге қиянат жасамау, адал болу” деген ұғымдарды түсіндіру.

2. Адалдық туралы көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық адамгершілік сезімдерді қалыптастыру

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның сәрсенбісі

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы бойынша жылдық жоспары негізінде шаралар өткізілді.

Мұғалім балаларды шаттық шеңберіне шақырады.

- Қайырлы күн, балалар! Әдеттегідей сендермен кездесіп тұрғаныма қуаныштымын. Қараңдаршы бәрің сондай қуанышты, бір-біріңе күліп қарап, жайдарлы, ақжарқын болып тұрсыңдар. Сендердің көздеріңнен мейірімділіктің, жақсылықтың, қамқорлықтың, сүйіспеншіліктің белгісін көріп тұрмын. Осындай жақсы көңіл-күймен, бір-бірімізге «Күніміз сәтті болсын!» деп тілейік.. Декларацияның ерекшелігі неде?

Жауабы: Декларациядағы нормаларды орындау міндетті емес, осы жерде Конвенция екеуінің айырмашылығы байқалады. Балалар мұғалімнің сұрақтарына жауап беріп отырғанда Алихан есінеп, партаға жатады. Балалар, айтыңдаршы, сонда сендердің құқықтарыңды кімдер шектей алады?

Оқушылардың негізгі құқықтары туралы білімдерін жалпылау. "Құқық", "міндеттер" ұғымдарын дамыту, жасөспірім балалар үшін құқықтар мен міндеттердің бірлігін көрсету. Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-құқықтық құзыреттілігін арттыру. Сыныптастардың сөздеріне және олардың құқықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жасөспірім балалардың назарын өз құқықтары мен міндеттерін түсіну мен білу қажеттілігіне аудару. "Өз құқығымызды зерттей отырып, біз өмір сүруге және әділдікке түсуге мүмкіндік аламыз" (Лихтенберг қ.); "Өзін және басқаларды ойлауға үйрен" (қытай даналығы) Адамның-азаматтың, оқушының-жасөспірімнің негізгі құқықтарын бөлу. Құқық пен міндеттердің бірлігін көрсету. Бүгін және қазір сіздермен жан-жақты әңгіме барысында айтылған ақпаратқа мұқият, құрметпен қарап шығыңыз. Ал бұл әңгіме өту үшін біз Сізбен үлкен жұмыс атқардық. Сіз біздің тақырып бойынша бірнеше шығармашылық тапсырмалар алдыңыз және дайындадыңыз. Сонымен, әңгіме тақырыбы "Біздің құқықтарымыз". Басында "құқық" және "құқық" ұғымдарының мәнін түсінеміз және осы ұғымдарды біріктіреміз. Ғылыми, ғылыми-көпшілік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жүгінсек, біз бірнеше анықтамалар бөлеміз... Құқық дегеніміз не? Сізді тыңдаңыз.- Оқушы. Құқық (Ожегов сөздігінде) - адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін белгіленген және қорғалатын мемлекеттік билік органдары мен ережелердің жиынтығы.- Оқушы. Құқық (қоғамтану курсы бойынша, педагогика ғылымдарының докторы Л. Боголюбов) - бұл қоғамдық қатынастардағы адамдардың формальды теңдігін білдірудің нормативтік формасы.

Адамдардың ресми теңдігін мойындау олардың бостандығы мен тәуелсіздігін білдіреді. Бостандық жоқ жерде қарым-қатынас, яғни қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынас бола алмайды. 7-9 сыныптар аралығында мектепте оқитын қоғамтану курсы бойынша біз "құқықтың үзілді-кесілді императиві" ұғымының мәнін анықтаймыз. Бұл ұғым не? - Оқушы. "Құқықтың үзілді-кесілді императиві" неміс философы Иммануил Кантты анықтады. Бұл адамның-азаматтың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысы, яғни іс-әрекет пен іс-әрекет еркіндігі әрбір адамның бостандығымен және тәуелсіздігімен үйлесімді болуы тиіс.

Тамаша. Бірақ бұл "құқық" анықтамаларын біздің қабылдауымызға бірнеше қол жетімді және түсінікті. Олар "Құқықтану" сияқты ғылымда көп болса да. Сіз қандай құқық түрін атай аласыз?

Құқық түрлері: конституциялық, әкімшілік, азаматтық, отбасылық, тұрғын үй, еңбек, қаржылық, іс жүргізу, Қылмыстық және т. б. Шынында да, құқық адамдардың өмірі мен қызметінің барлық салаларын қамтиды. Қоғамтану сабағында сіз адам, қоғам және мемлекет өмірінде құқықтың маңызды рөл атқаратынымен егжей-тегжейлі танысасыз. Ал енді "адам құқығы-азаматтың" түсінігін анықтаймыз. Өйткені, адам бар кім? Бес позицияны бөліп көрейік...

<https://www.facebook.com/share/p/GDn8ccqPQyq4dSMW/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/BP9zRozS8hAe6rs1/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлықсыз әлем

Мақсаты: Жемқорлықтың алдын алу

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның сәрсенбісі

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы бойынша жылдық жоспары негізінде шаралар өткізілді.

- Ыңғайланып отырыңдар. Асықпай «өмір тынысын» алыңдар. (2-3 рет). Мүмкіндігінше бұлшықеттеріңді босатып, денелеріңді жұмсартуға тырысыңдар... Енді көздеріңді жұмып, елестетіңдер. Бар зейіңдерің менің дауысым мен әуенде болсын...

Сен үлкен көк теңіздің құмды жағалауында демалып жатырсың. Дененді кеудеңе дейін теңіздің жылы суына малып, бетіңді күннің ыстық шуағына тосып, рахаттанып жатырсың. Көздерің жұмулы. Теңіз толқындары ырғақпен келіп, жағалауға соғылған сәтте, сен де толқынмен бірге тербелесің. Күн ыстық. Мұрныға әлсін- әлсін теңіз балдырларының иісі келіп жетеді. Теңіздің біркелкі шуылы мен шағалалардың дауысы үйлесімді естіледі... Толқындар келеді де кетеді. Енді бүкіл сана-сезіміңмен түйсініп, сезінуге тырыс: әр жолы келіп- кеткен толқын сенің денеңе соғылғанда, бойыңдағы шаршап- шалдығуды, ... мазасыздық пен күйзелісті, ... өзіңе деген сенімсіздігіңді, ... өмірде кездесетін әділетсіздікке деген күйініш сезіміңді, қысқасы, барлық жағымсыз сезімдерді өзіне тартып алып, алысқа әкетіп жатыр... Толқын сенен алыстаған сайын, денең сергіп, жеңілдеп қалғаныңды байқайсың. Келіп-кетіп жатқан толқындардың ырғағымен тыныста: демал- дем шығар, демал- дем шығар, демал- дем шығар... Бірер сәттен соң сабаққа оралуға дайындалыңдар...

Ой қозғау: Арабтарда «Әділ сұлтан дер кезінде шөлде жауған жауыннан да жақсы» деген мақал бар. Мақалдың мағынасы қалай деп ойлайсыңдар:

Бүгінгі пікірсайыс тақырыбы: Адалдық - ардың ісі Халқымызда «ШЫНДЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ СҰМДЫҚ КӨП», «Адамның әдемілігі шыншылдығында», «Ақихат сөзде алалық жоқ», т.с.с керемет ұлылық сөздер бар.

<https://www.facebook.com/share/p/u39B7c1D9EYFnqkV/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістері

Мақсаты: Жемқорлықтың алдын алу

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Сынып жетекшілер

Орындау мерзімі:

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы бойынша жылдық жоспары негізінде шаралар өткізілді. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі қоғамда қауіпті індетке қарсы қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін халықтың әрбір буынына арналған тиісінше жобалар жасақтап, әртүрлі шаралар жүргізіп келеді. Соның ішінде өскелең ұрпақтың арасында қауіпті кеселдің алдын алу жұмыстары аса маңызды рөл атқарады. Осыған орай, республика бойынша барлық білім ордаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында бірыңғай «Адалдық сағаты» өткізілді. Мақсаты- өскелең жас ұрпақтың өн бойына адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру. Абай атындағы жалпы орта мектебінде жоғары сынып оқушыларымен өткен

ашық сабақтарда мұғалімдер қазақтың бойында бағзыдан қалыптасқан адалдық пен әділдік құндылықтарының қасиетін атап өтіп, тағылымға толы тарих беттеріндегі әділдікті ту еткен кемеңгерлердің туралығына тоқталды. Елбасы биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялап, ел жастарына зор сенім білдіргендігін, Қазақстанның жарқын болашағы – бүгінгі жас буынның қолында екендігін жеткізді.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен жалпыреспубликалық «Ахмет Байтұрсынұлы – адамдық пен білім диқаншысы» тақырыбында адалдық сағаты өткізілді. Мемлекет және қоғамқайраткері, «Алаш» партиясының мүшесі, ағартушы, ғалым, түрколог, ақын және аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы алдына қазақ балаларына білім беруге бар күшін салу ізгі мақсатын қояды. Нағыз патриот болу, өз халқына адал және әділ қызмет ету – Ахмет Байтұрсынұлының өмір тарихы осыған үйретеді. Білімгер жастарға осы адалдық сағат арқылы ағартушының мұрасы мен өнегесі түсіндірілді. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі қоғамда қауіпті індетке қарсы қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін халықтың әрбір буынына арналған тиісінше жобалар жасақтап, әртүрлі шаралар жүргізіп келеді. Соның ішінде өскелең ұрпақтың арасында қауіпті кеселдің алдын алу жұмыстары аса маңызды рөл атқарады.

<https://www.facebook.com/share/p/u39B7c1D9EYFnqkV/?mibextid=oFDknk>

Тақырыбы: Мен және менің құқығым

Мақсаты: адалдыққа тәрбиелеу

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: Аптаның сәрсенбісі

Негіздемесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы бойынша жылдық

жоспары негізінде шаралар өткізілді. – «Қандай қоғам болса, отбасы да сондай» деп айтады. Қоғамда жүретін барлық коллизиялар отбасы қатынастарында қалай болғанда да көрініс табады. Моральдық-адамгершілік ілгерілеу, құндылықты ұстанымдар, қоғамның артықшылықтары отбасы қатынастарының негізін құрайды, отбасылық тәрбиелеу траекториясын қалыптастырады. Сондықтан отбасы қоғамдық дамудың маңызды индикаторы болып табылады деген тезис күшінде қалады және шындыққа жанасады. Басқа жағынан, отбасы қоғамның бөлшегі ретінде қоғам дамуына белгілі бір ықпал етеді, қоғамдағы моральдық-адамгершілік ахуалға әсер етеді. Отбасы құндылықтарды, дәстүрді, мәдениетті, өмір салты мен дүниетанымдық ұстанымдарды көрсетеді. Бұл диалектикалық өзара байланысы ақырында отбасын қоғамның әлеуметтік институты ретінде біздің түсінігіміздің негізін құрады.

- Отбасы әлеуметтік институт ретінде көптеген функцияларды орындайды: халықтың өсіп-өнуі, жаңа жағдайда алдыңғы ұрпақтан жинақталған шаруашылық-экономикалық, тәрбиелеу, әлеуметтік, оның ішінде әлеуметтік тәжірибенің бейімделу функциясы. Отбасы шеңберінде сол немесе өзге әлеуметтік тәжірибені нығайту немесе жоққа шығару адамдардың құндылықты бағдарын қозғайды. Осының нәтижесінде қандай да бір құндылықтар кетеді, қайсыбірі келеді, тұлғаның рухани кеңістігінде өз орнын алады және оның өмірі үшін әлеуметтік маңызға айналады. – Отбасы – қоғамның әлеуметтік институт ретінде нақты адамның қоғам өміріне енуіне мүмкіндік беретін құндылықтардың трансляторы болып табылады. Егер қазіргі қазақстандық отбасыға осы биіктіктен қарасақ, отбасы қатынастарында позитивті және жағымсыз фактілерді табуға болады. – Осындай шындық аясында отбасының тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын тәрбиелеудегі рөлі қандай және оның сыбайлас жемқорлыққа және оның көріністеріне қарсы төзбеушілік қатынасын қалай қалыптастыруға болады деген сұрақты қарастырайық. Қазіргі отбасы қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы у таба ала ма? Отбасылық салт-дәстүрлер, мәдениет тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған ба? Отбасы адамдардың қатынасына тереңдеп еніп кеткен сыбайлас жемқорлықты қалай бағалайды және қабылдайды? Отбасы сыбайлас жемқорлықты моральдық-этикалық нормаларды бұзушылық, ұлт мәдениетіне жат, асылық, Отанға деген сатқындық деп айыптай ма? Осы сұрақтардың барлығы отбасының қазіргі қоғамдағы рөлін күрделі талдауды қажет етеді. Бүгінгі күні отбасы қоғам үшін күрделі және маңызды проблеманы шешуге ынтасы жоқ, тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінезқұлқын қалыптастырудың пәрменді субъектісіне айнала алмайтыны Глава 2. Антикоррупционная культура: механизмы и институты развития анық. Ең алдымен, әртүрлі жағдаяттарға, объективті және субъективті жағдайларға қарай мүмкін емес. Бір нәрсе анық, қоғамда моральдық-адамгершілік деңгей төмендеген кезде, отбасыға осындай құбылыстарға қарсы күресу қиынға түседі. Ол тұлғаның санасы мен рухани

әлемі деңгейінде бұл мәселені реттеуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінезқұлық пен парақорлықтың орнықты сипатын тәрбиелеуге күші жетпейді. Себебі қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаппай, жалпыға ортақ төзбеушілік ахуалы жасалмайынша, моральдық айыптау, отбасы деңгейінде барлық азаматтардың қоғамдық айыптауы да дамымаған. Соңғы кездері осы бағытта көп істер жасалып жатқанын мойындау қажет. Жұртшылық барған сайын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған, өзінің қызметтік жағдайын асыра пайдаланған, мемлекет пен халық алдында өз міндеттемесін бұзған адамдардың атын біліп жатыр. Әркім сіңірген еңбегіне қарай алатыны белгілі, сонымен бірге тек заңды қолданып, бұл проблеманы шешу алмайтынымыз да айқын. Басқаша деңгейдегі шаралар қажет. – Тәрбие аясында адалдық, ар-ұят, сатылмаушылық, сөзіне беріктік сияқты құндылықтардың жасампаздық күші әлсіз қолданылады. Себебі көбі адал, парасатты болу пайдалы емес, кейде бұл қасиеттер жеке өмірінде проблемаларды шешуге және өмір сүруге кедергі келтіреді деп санайды .

<https://www.facebook.com/share/p/4boSF5PFBNK7gNpF/?mibextid=oFDknk>

Оқушылардың білімін бақылау.

Балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының тиісті сапасын қамтамасыз ету мониторинг режимінде алынған объективті ақпараттың арқасында қол жеткізіледі.

Мониторинг әрбір жеке тұлғаның әлеуетін ашуға, жүзеге асыруға және дамытуға жағдай жасауға бағытталған.

Мониторинг оқу іс-әрекетінің нақты нәтижелерін жазып қана қоймай, сонымен қатар оқу үдерісін ұйымдастырудағы «күшті» және «әлсіз» жақтарын көруге, алдағы жұмыстарды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Мектепте білім мониторингінің банкі жинақталған. Жылына екі рет сынып жетекшілері психологпен бірлесе отырып, оқу жылының басы мен аяғында әр оқушының даму динамикасын жазып отырады. Негізгі диагностикалық көрсеткіштер:

- ☐ білім деңгейі
- ☐ азаматтық сананың деңгейі
- ☐ тұлғаның әлеуметтену деңгейі
- ☐ құндылық нұсқауларының
- ☐ деңгейі белсенді өмірлік
- ☐ ұстаным
- ☐ оқушылардың мемлекеттік органдарында жұмыс
- ☐ істеу қосымша білім беру жүйесінде жұмысқа
- ☐ орналастыру оқушылар ұжымының даму деңгейі

Бақылау деректері мұғалімге әрбір баланың және тұтастай алғанда сынып ұжымының әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі және олардың білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған оқу іс-әрекетін тиімдірек жоспарлауға мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесінің тиімділігінің негізгі дәлелі – оқушының шығармашылық, адамгершілік, дамып келе жатқан жеке тұлғасы, оның мектепте және жалпы ұжымда жақсы болуы, бірлескен іс-әрекетке араласуы, белсенді ұстанымы, білім берудегі өсудің оң динамикасы, шығармашылық және жақсы мінез-құлық.

«№11 М.П.Окороков жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы

педагог-психологтардың атқарылған жылдық жұмыс есебі

Мектептегі психологиялық қызмет бес бағытта жұмыс жасайды:

- Психологиялық диагностика
- Психологиялық түзету – дамыту
- Алдын – алу жұмыстары
- Психологиялық кеңес беру
- Ағарту жұмыстары бойынша оқушылармен, ата-аналармен, мұғалімдермен жұмыс жасайды.

Мектептегі психологиялық қызмет – білім беру процесіндегі субъектілерге психологиялық қолдауды ұйымдастырудағы негізгі өзек болып табылады.

1. Мектеп психологы қызметінің жұмыс бағыты мен міндеттері

Мектеп психологының жұмысын ұйымдастыруда келесі бағыттарда жұмыс жүргізіледі:

1. Психологиялық диагностика - оқушының, ата – ананың тұлғааралық жетілуіндегі ерекшеліктерді нормадан ауытқуды ғылыми негіз деп беретін сала. Психологиялық диагностиканың мақсаты: жеке тұлғаның дара және жас ерекшелігін, тұлға аралық қарым-қатынасын зерттеу. Психологиялық диагностиканың негізгі міндеті – педагогтарға ата-аналарға балалардың жеке психологиялық ерекшеліктері жайлы қажетті ақпарат беру. Психологиялық диагностикаға кіріспестен бұрын, оқу жылы барысында тесттердің мақсаты мен міндетін түсіндіру, олардың жазбаша рұқсатын, қолдарын жинау қажет.

2. Психологиялық ағарту (профилактика) – мұғалім, ата анасы, оқушыны психологиялық білімдермен қамтамасыз ету, жаңалықтарды жеткізу. Психологиялық ағартудың мақсаты – тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуын кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, педагогтарды, ата-аналарды психологиялық біліктілігін арттыру. Психологиялық ағартуға әдістемелік кеңесте, ата-аналар жиналысында өтілетін лекциялар, әңгімелесулер, семинар-практикумдар, ата-аналар жиналысы, көрмелер, жаднамалар дайындау. Балаларға қазіргі уақытта бақытты арайлы өмір жағдайын туғызу. Яғни ересектерге психологиялық ағарту жүргізу арқылы мұның басты мәселе екеніне көзін жеткізу. Психологиялық алдын алу – мүмкін болған ауытқудың алдын алу шаралары. Психологиялық алдын алудың мақсаты: барлық жас кезеңінде балалардың психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту. Әр жас кезеңін ескере отырып, балаларға арналған дамыту бағдарламаларын жасау және он іске асыру, алдын алу шараларын қолдану, мектептегі тәрбие мен оқу арқылы баланың толыққанды дамуына жадай туғызу психологтың ең жауапты жұмыс бағыты.

3. Психотүзету (психокоррекция) және дамыту - түзету, өңдеу мақсатында нормадағы балаларды қарастырады, ауытқуы бар балаларды түзету іс – шараларын қарастырады. Психологиялық түзетудің мақсаты: балаларды жеке тұлғалық дамуындағы психологиялық ауытқуларынан арылту, түрлі жағымды іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Психолог жұмысындағы түзету-дамыту бағыты, қызметтің ең қиын тұсы. Сондықтан да бұл бағыт практик психологтан шеберлікті қажет етеді.

4. Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу, кәсіби кеңес (консультация) жүргізу – диагностикалық негізде туындайды. Психологиялық кеңес берудің мақсаты: педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді, оқу-тәрбие үдерісінде туындаған проблемаларды шешуге көмек көрсету. Кеңес беру жұмысында психологтың іскерлігі мен дағдысын дамытумен бірге бұл арнайы дайындықты талап етеді.

5. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар:

Мектептегі психологиялық қызмет келесі міндеттерді атқаруда:

1. Оқушылардың зерек және тану, даму ерекшеліктерін анықтау.
2. Жеке даму жағдаятын айқындау: кикілжің, қияңқылық, эмоциялық жағдаяттар және т.б.
3. Бала мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты ескеру: Бала мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасқа психологиялық сараптама жасау.
4. Мәселелердің пайда болуын және оны шешу жолдарын анықтап, ажырату арқылы әлеуметтік жағдайдың дамуына психологиялық сараптама жүргізу.
5. Тұлғаның даму кезеңдерін ескеріп, интеллектуалдық және даралық дамуына ықпал жасау
6. 1-ші және 5-ші сыныптар аралығындағы оқушылардың бейімделу кезеңіне көмек, психологиялық қостау.
7. Мектепшілік әлеуметтік ахуалдың, ынтымағын дамытуда педагог ұжымына көмек көрсету.
8. 9-шы және 11-ші сыныптар аралығындағы оқушыларға Мемлекеттік емтихан және қорытындылау аттестациясы мен ББЖМ дайындықтарына көмек, психологиялық көмек.
9. Білім барысында барлық қатысушылардың психологиялық сауаттылығын жоғарылату (оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер)
10. Аутодеструктивті тәртіп және тәртіп бұзушылықты мектеп оқушыларына ескерту.
11. Психологиялық ағарту, алдын алу жұмыстарын жүргізілді.

2022-2024 оқу жылдарына арналған жоспар жасалып, бекітілді.

3-11 сыныптар аралығында психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді:

1-2 сыныптардан Керн Йерасек тесті

3-4 сыныптар - «Танымдық процестерді зерттеу» әдістері

5-6 сыныптар - «Менің отбасым» эссе;

7-11 сыныптар - «Үй. Адам. Ағаш» проективті әдістемесі жылына 2-рет

2-11 сыныптар – «Гүл бейнесіндегі отбасы» проективті әдістемесі жылына 2-рет

2-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті мінез-құлықты оқиғалардың алдын алу бойынша ағарту, профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

3-4 сыныптар аралығында аутодеструктивті агрессияны алдын-алу мақсатында

«Кактус» әдістемесі алынды. 8-11 сыныптардан «Аяқталмаған сөйлемдер», «НСВ», «Зунг шкаласы» әдістемесі оқушылардың депрессия жағдайын анықтау мақсатында жылына 2 рет жүргізіледі

Диагностикалық нәтижелер қорытындысымен сынып жетекшілері мен ата-аналарға ұсыныстар мен кеңестер, бағыт-бағдарлар берілді.

Диагностика нәтижесі бойынша шыққан оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Өз-өзіне қол жұмсау бейімділігін анықтау барысында 8-11 сыныптармен «Өмір сен маған қымбатсың»,

«Менің мүмкіндіктерім», «Өмір сен маған қымбатсың» тренингтері, «Қорқыныш және одан арылу»,

«Менің құқығым және міндетім» (сұхбат), «Мен бақыттымын» (дөңгелек үстел), «Кибербуллинг және

буллинг дегеніміз не?», «Жыныстық қылмыстың салдары», «Өмір керемет!», «Менің мектебімнің

сыры», «Мен және менің мектебім», «Мені қоршаған ортадағы ахуал?», (диктанттар, эсселер) т.б

жүргізіледі.

Аутодеструктивті агрессияның алдын алу мақсатында оқушылармен өмірге құштарлығын арттыру

мақсатында 7-11 сынып оқушылары арасында бейнероликтер мен пікір алмасу жүргізілді. Сынып

жетекшілер мен пән мұғалімдеріне педагогикалық кеңесте «Аутодеструктивті агрессияның алдын

алу» тақырыбында баяндама оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар жиналысында


«Аутодеструктивті агрессияның алдын алу» тақырыбында баяндама оқылды, баламен қарым-қатынаста

ұстанатын қағидалар туралы ұсыныстар берілді.

5-11 сыныптардан . «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі

Мақсаты: Тест адамның күйзелістік деңгейін анықтауға көмектеседі.

Жылдар	Қатысқан сыныптар	Күйзеліс деңгейі			
		Оқушылар саны	Қалыпты	Жеңіл күйзеліс	Мамандарға бағытталған оқушылар
2021-2022	5-11 сыныптар	652	630	22	0
2022-2023	5-11 сыныптар	654	636	18	0
2023-2024	5-11 сыныптар	656	641	15	0



Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Бестерек» жобасы бойынша 2-11 сыныптан яғни 635 оқушы зерделеніп ,диагностика жұмыстары (кабинеттік талдау) жүргізілді. Кабинеттік талдау барысында әлеуметтік педагогтың зерделеуі барысында жалпы 41 оқушы тізімге алынды. Мектеп инспекторының есебінде тұратын 1 оқушы және де «Д» есебінде тұратын 54 оқушы тізімге алынды. 5,7,9,10,11 сыныптың сынып жетекшілері әрқайсысы өз оқушыларының оқу үлгерімі, тәртібі, әлеуметтік желілердегі парақшаларындағы атаулары, байқалған белгілері, қосымша ақпарат (ойын құмарлық, махаббат, жұмыс істеу т.с.с.) жайлы мәлімет беріп, далалық зерттеу бойынша 5,7,9,10,11 сыныптан 285 оқушыдан 248 оқушы әр сынып өз жас ерекшелігіне сай 5 сыныптар «Менің

отбасым», 7 сыныптар «Менің ең жақын досым», 9,10,11 сынып оқушылары «Менің арманым» атты эссе жазды. Негативті мазмұнда эссе жазған 7 оқушы болып, тәртібінде қиындық бар, оқу үлгерімі төмен 12 оқушы іріктеліп алынды. Психологтың зерделеуі бойынша 418 оқушыдан сауалнамасы бойынша 65 оқушы психологиялық көмекке екендіктері айқындалып жалпы жасыл деңгей бойынша 81, сары деңгейде 11, қызыл деңгей бойынша 0 оқушы, тәуекел тобына тізімге алынды. Тәуекел тобына алынған оқушылардың әр қайсымен жеке консультациялар, сессиялар жүргізілді.

19.09.2022 жыл. **«Менің сыныбымның ғаламшары»** 5-сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін зерттеу, танысу жаттығулары жүргізілді.

5 «а», «ә», «б» сыныптарынан қатысқан оқушылар саны - 64.

Зерттеу нәтижесінде : Оқушылар жаттығуларды ерекше қызығушылықпен орындады. Топта жағымды психологиялық климат қалыптасып, оқушылардың өзіндік ой пікірлерін айту, танымдық қабілеттерінің даму деңгейі жас ерекшелігіне сай екендігі анықталды. Тапсырманы орындай алмаған оқушы болмады. Қазан қараша 5 сыныптардың бейімделуін әріде зерделену көзделуде.

23.09.2022 жылы мектепте ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Алия» қыздар ұйымының жетекшісі: Д.Кожиковамен біргелікте 5-11 сынып оқушы қыздарымен **«Қыз баланың бой жетуі»** атты дөңгелек үстел өз деңгейінде өткізілді.

Жалпы қатысқан оқушы қыз балалары саны -192. Оқушылар өз ойларын емін еркін ортаға салып, педагог психолог Ж.Дуйсенова жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің мән – мағынасын ашып көрсетті.

03.10.22жыл. Мектепте құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында полиция аға лейтинаты А.Джекебаевпен 5-11 сынып оқушыларымен жиын өткізілді. **«Буллинг және кибербуллингтен қалай қорғанамыз»** атты жиында буллинг және кибербуллинг жайында мәліметтер беріп өтілді. Буллинг жасаушы және буллинг құрбандарының психологиясындағы өзгерістер жайлы мәліметтер берілді.

05.10.2022жыл. Бесінші сыныптардың орта буынға бейімделуі жайлы мәлімет ауданға зерделеніп тапсырылды.

5-15.22 жыл аралығында 5 сынып оқушыларының дарындылығын анықтау мақсатында **«Qablet»** жобасы іске асырылды. Мұнда 10-11 жастағы 5 сынып оқушылары Ұйымдастырушылық (коммуникация) қабілеті, ынтымақтастық (коллабрация) қабілеті, шығармашылық (креативті) ойлау қабілеті, сыни ойлау (критикалық) қабілеті бойынша зерделеніп, дарынды оқушылар анықталды. Аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне нәтижелер тапсырылды.

07.10.22жыл. **«5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіндегі психологиялық ерекшеліктері»** жайлы ата-аналар жиналысы өткізіліп, сессиялар жүргізіліп қажетті кеңестер берілді.

10-12.10.22 жыл .Ерекше санатағы балалардың отбасылық қарым-қатынасын диагностикалау мақсатында жеке сұхбаттар өткізіліп, **«Отбасы суреті»** әдістемесі алынды. Қарым-қатынасты нығайту, өмірге құштарлықтарын арттыру мақсатында психологиялық кеңестер берілді. Әрбір жан жеке ерекше тұлға екендігі әрқашан бір-бірімізге деген махаббатымызды аямау қажеттілігі ұғындырылды.

14.10.22 жыл. 5 сыныптардың орта буынға бейімделу деңгейін зерделеу мақсатында **«Социометрия»**, **«Мектепке қарым-қатынасым»** сауалнамасы, **«Менің сыныбым»** әдістемесі, **«Менің бесінші сыныптағы қиыншылықтарым»** шағын шығарма, **Өзін-өзі бағалау тесті** алынып, нәтижелері өңделіп, сынып жетекшілері және пән мұғалімдеріне таныстырылды.

19.10.22жыл. **«Тілдік құзыреттілікті дамытуда жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану жолдары»** аймақтық семинарда **«ЕБҚБ білім алушыларға арналған тапсырмалардың тиімділігі»** атты тренинг келген педагогтармен жүргізілді. Нәтижеде сабақтардың барысында тапсырмаларды баланың қабылдау жүйесіне қарай беру керектігі айтылып, нейрогимнастикалық және кинесологиялық жаттығулардың тиімді тұстары айтылды, көрсетілді.

22.10.22 жыл. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 5,7,9,10,11 сынып жетекшілерімен **«Ұсақ моториканың маңыздылығы»** жайлы сессия жүргізіліп сыныптарында тәуекел тобына енген оқушыларына **«Психологиялық паспорт»** жасақталынды. Нәтижелері өңделіп адами әлеуетті дамыту бөліміне тапсырылды.

24.10.22 жыл. Оқушылардың діни сауаттылығын арттыру, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында **«Дін және жастар»** атты мешіт имамы Олжабаев Ералы мырзамен кездесу өткізілді.

Тәуекел тобына алынған оқушылармен жеке сессиялар жүргізілді. Қажетті кеңестер берілді.

Қазан айында оқушылармен 29 жеке кеңес, ата-аналармен 5, педагогтармен 6 жеке кеңестер жүргізілді.

01.11.2022жыл. 5 сынып оқушыларының дарындылығын анықтау мақсатында **«Qablet»** жобасы іске асырылып, сол бойынша оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту яғни кинесологиялық

жаттығулар жүргізілді.

02.11.2022жыл. «Білім беру сапасын арттыру құралы ретінде оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологияларын кешенді пайдалану» тақырыбында өткізілген облыстық семинарға қатыстым.

03.11.2022жыл. Сынып жетекшілерді «Пубертатты жас дегеніміз не?» лекциямен таныстырылды.

07.11.2022жыл. 5 «а», «ә», «б» сынып оқушыларымен «Дос іздеп жүрмін» атты сессиясы жүргізіліп, достық киелі ұғым және оны бағалай білу, бір-бірін құрметтеп, қадіріне жете білу керектігі ұғындырылды.

08.11.2022жыл. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектеп оқушы қыздарымен «Ерте жүктіліктің алдын алу және репродуктивті денсаулық» атты жиын және «Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны» атты сауалнама алынып нәтижелері талқыланып қажетті кеңестер берілді.

09.11.2022жыл. «Қыран» ұлдар клубы «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектепте бере алмайды» атты жиыны өткізіліп, жиында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында керекті кеңестер, қызықты жаттығулар, бала тәрбиесі жайлы таратпа қағаздары үлестірілді.

10.11.2022жыл. 11 «а», «ә» сынып оқушыларымен «ҰБТ ға дайындығың қалай?» «Стресс-тест» атты сауалнама алынып, нәтижелер талқыланып, қажетті кеңестер берілді. Сабақ соңында «Уақытты басқаруды қалай үйренуге болады?» атты шағын дәріс оқылды. Мұнда таймменджментті қалай тиімді пайдалану керектігі айтылды.

11.11.2022жыл. 9 сынып оқушыларынан «Өзін-өзі бағалау» деңгейі тесттері алынып, өңделді. Өзіндік мені төмен шыққан оқушыларға тиісті кеңестер беріліп, достарымен қарым-қатынасты нығайту жаттығулары берілді.

11.11.2022 жыл. 5 сынып оқушыларынан яғни 64 оқушыдан ШТУР (ақыл ойының даму деңгейін айқындау мақсатында алынып, нәтижелерде жоғары, орта, төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылар деп сараланды және де танымдық қабілеттерін есте сақтау, ойлау деңгейін зерделеу мақсатында ауызша тапсырмалар беріліп, жылдамдық танытқан оқушылар сараланды.

14.11.2022 жыл. Жоғарыдағы тест нәтижелеріне орай жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылармен «Білімділер мекені» атты интеллектуалды сайыстар өткізілді. Оқушылар 3 топқа «Жүйріктер», «Алғырлар», «Тапқырлар» болып, 7 шарт бойынша мықтылар бақ сынасты. Жүйріктер тобы керемет нәтиже көрсетіп, жоғары ұпай жинай алды. Нәтижеде: барлық оқушылар нағыз талантты, ойы ұшқыр, мықты, дарынды екендіктерін көрсетте алды. Сайыс соңында есте сақтау қабілетін дамытуға көмектесетін кинесологиялық жаттығулар көрсетілді. Әрқашан жасап жүрсе нәтиже болары айтылды. Сайыс жоғары деңгейде қызықты да тартымды түрде өтті.

16.11.2022 жыл. Ал, төмен көрсеткіш көрсетілген оқушыларға мотивация беру мақсатында «Жұлдызды сәт!» атты психологиялық морффон жүргізілді. Оқушылар 3 топқа бөлініп 7 шарт бойынша білімдерін көрсетті. Оқушылар белсене қатысты. Қатысқан әрбір оқушыны болашақ жұлдыздар деп қошаметеп, керекті кеңестер өздерін дамытатын кинесологиялық жаттығулар көрсетілді, жасауға кеңес берілді. Марафон өз деңгейінде қызықты тартымды түрде өтті.

Сұраныс бойынша келген оқушылармен жұмыстар жүргізілді.

Сынып жетекшілерді «Жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріндегі дағдарыстар» және де «Оқушыларды буллинг және кибербуллингтен қорғау» жайлы лекциялармен таныстырылды. 5 сынып оқушыларының сабақтарына еніп талдау жасалынды жетістіктері және кемшіліктері айтылып, қажетті кеңестер берілді. Аудан деңгейінде Балалар жылына орай және оқушылар арасында өзіне-өзі қол салу фактілерінің алдын алу, балалар арасында көңілді орта құру, адамның психологиялық саулығын жақсарту мақсатында «Бақытқа жол!» тақырыбында айлық ұйымдастырылып, өткізілді.

Айлықтың бағдарламасына сәйкес «Сенің қолыңнан келеді!» (сұқбат), «Саулық әлемінде» (ойын-саяхат), «Сән және саулық» (лекция), «Абайдың қара сөздері» (ойлану сабағы), «Досың кім екенін айтсаң, сенің кім екенінді айтамын» (сұқбат-диалог), «Адамның тәрбиесі – оның бет-әлпетін көрсететін айна» (сынып сағаттары), «Бір-бірімізге комплименті айтайық!» (этикет сабағы), «Мен және анам» (суреттер коллажы), «Біз сондай қызықпыз!» (тренингтер), «Махаббат – өмір бастауы» (ашық әңгіме), «Агрессиялы жасөспірім: оның пайда болу себептері» (ата-аналарға арналған практикум), «Өз денсаулығыңды сақтау керек пе?» (пікірталас), «Егер де мен...» (ойын), «Қиын өмірлік жағдайдан қалай шығуға болады?» (ата-аналарға арналған топтық кеңес), «Отбасылық қарым-қатынас. Оқушы Жарғысы» (ата-аналар сағаты), «Педагогикалық әдеп және оның ұжымдағы ықпалы» (педагогикалық әдеп сағаты) тақырыптарында іс-шаралар өз деңгейінде жүргізілді.

Айлық барысында 6 «ә» сынып жетекшісі Майрихова М, 7 «б» сынып жетекшісі Еримбетова А, 7 «ә» сынып жетекшісі Мауленбаева Б .8 «ә» сынып жетекшісі Кожикова Дилроза іс-шараларды жоғары

деңгейде ұйымдастырып, белсенділік танытып, өз шығармашылығын, ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білген және тәжірибесімен бөліскен сынып жетекшілер Майрихова М, Мауленбаева Б, Еримбетова А, Кожикова Д марапатталды.

05.12.2022 жыл. 11 сынып оқушыларымен «Менің арманым» атты психологиялық сессиялар жүргізілді. Оқушылар белсене қатысып, арман мақсаттарын, болашақ мамандықтары жайында сөз қозғады. Сессия тартымды, қызықты түрде өтті.

Ай барысында әскери оқуға түсетін оқушылармен жеке сессиялар жүргізілді. Оларға мінездемелер берілді.

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Жасөспірімдер арасында АҚТҚ, ЖҚТБ алдын алу шаралары жүргізілді. 9-11 сынып оқушыларымен қыздар жиналысы өткізілді. Тәуекел тобына алынған оқушылармен жеке сессиялар жүргізілді. Қажетті кеңестер берілді.

23.12.2022 жыл. «Мен психолог болғанымға мақтанам» психологтардың кәсіби мерекесіне орай аудандық психологтар форумы өткізілді.

Сол жерде қатысып «Мен өзгерсем, әлем өзгереді» атты тренинг жүргіздім.

5 сынып оқушыларының қабылдау деңгейлерін, зерделеу мақсатында әр оқушымен жеке сессиялар сұрақ жауап түрінде жүргізілді.

Жалпы І- жарты жылдықта оқушылармен 135 жеке кеңес, ата-аналармен 16, педагогтармен 16 жеке кеңестер жүргізілді.

Әрбір өткізген іс-шараларым, суреттерімен әлеуметтік facebook желісіне салынып тұрады.

05.01.23 жыл. Директор алды кеңесте «Жанұядағы зорлық жеке іспе әлде әлеуметтік мәселеме?» дискуссия жүргізілді. Дискуссия өз деңгейінде қызықты және тартысты түрде өткізілді. Алдағы уақытта ата-аналар жиналысында осындай дискуссия өткізу қажеттілігін алға тартып айтып өтті.

10.01.23 жыл. Әскерге баратын 14 оқушы яғни 2006 жылғы оқушылармен жұмыс жүргізіліп, оларға қажетті кеңестер берілді. Құжаттарын реттеліп, мінездеме жазып берілді.

11.01.23 жыл. 5 сыныптың үлгерімі төмен оқушылармен «Зерде» интеллектуалды сайысы өткізілді.

Сайыстың мақсаты: Оқушылардың ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын, оқуға ынтасын, пәндерге деген қызығушылығын арттыру. Оқушыларды дос болуға, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өзін-өзі тәрбиелеуге баулу.

Жоспары: I. Таныстыру, II. Викториналық сұрақтар, III. Тапқырлық сайысы

IV. Ойымды жалғастыр, V. Кім жылдам, VI. Креативтіліктілік, VII. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл, VIII Капитандар сайысы

Барысы: Интеллектуалды сайыста ілгерілеуші 5 «а», «ә», «б» сыныптарынан аралас оқушылар қатысып, сол жердегі атауларға сай «Сұңқарлар», «Алғырлар»

«Білгіштер» тобы болып жайғасып, әр топ таныстыру ұрандарын айтып өтті.

Викториналық сұрақтар сайысында «Алғырлар» тобының мүшесі Сабит Е, Ергеш Ж өз білімдерімен ерекше көзге түсті. «Сұңқарлар» тобынан Исах Бекнар деген оқушылар өз білімдерімен көзге түсті. Тапқырлық сайысында барлық топ оқушылары логикалық сұрақ-жауапқа белсене қатысты. Ойымды жалғастыр шартында мақал-мәтелдердің жалғасын табуға бір аз кідірді. Кім жылдам жаттығуын әр топ тезде жасырынған сөздерді таба білді. Креативтілік бұл кезеңде ерекше креативті жан бұл Исах Б және Жақсыбай Ж деген оқушылар болды. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім білдеген шартында барлық оқушылар дерлік жақсы жауап берді. Капитандар сайысында айрықша сөздердің мәнін табуы қажет еді 3 топтың да капитандары мәнін аша алды.

Жарыс сөзге шыққан мектеп директоры М.Калменов оқушылардың бүгінгі сайыстағы көрсеткен нәтижелерімен құттықтап, алдағы уақытта көбірек кітап оқып, білімдерін шыңдауға шақырды.

Нәтижеде: Оқушылардың көңіл күйі көтеріліп, дарынды, қабілетті оқушылар анықталып, Сабит Е, Жақсыбай Ж I-орынмен, Нурбаев Н, Сүйінбай К II- орын, Сұлтанмурат А, Исах Б III-орынмен мадақтамамен марапатталды.

Ұсыныстар: дарынды оқушыларды үнемі қолдап қуаттап отыру, дарындылық қабілеттерін шыңдау жұмыстары ұдайы жүргізіліп отыру.

12.01.23 жыл. 9, 11 сынып оқушыларымен «Мамандық тың бәрі маңызды» дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге оқушылар белсене қатысып, өз ойларын еркін айтып өтті.

13.01.23 жыл «Мен кімін болашақта кім боламын?» атты қыздар жиналысы қызықты түрде өтті. Мақсаты: «Адамның» жоғары құндылық ретіндегі мәнін кеңейтіп түсіндіру. Жалпы құндылықтар арқылы адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

16-17. 01.23 жыл. Дарында оқушылармен «Зерде» интеллектуалды сайысы өткізілді. Қатысушы 3-5 сынып оқушылары. Мақсат : Дарынды оқушыларды жетелеу.

26.01.2023 жыл.«Сенімділік күш береді» тренингі өз деңгейінде өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың эмоцияларын басқара алуына және қобалжу сезімдерімен күресе білуге, сенімділікті арттыруға және жағымды ахуал қалыптастыру.

Барысы: Сенімділік адамды биікке жетелейді демекші бүгінгі тренингте көргеніме қуаныштымын деп оқушының өзіндік МЕНІН анықтау мақсатында «Мен кімін» әдістемесімен бастады. Оқушылар мен Қанатпын, мен анамның қызымын, мен бір үйдің еркесімін, мен батырмын т.б жауаптар айтын өтті. Оқушылар «Кеше кім?» , «Бүгін кім?» , «Ертең кім?» мұнда кеше-Сымбат, бүгін –дос, ертең студент т.б жауаптарды сәйкестендіріп айтты.

2. «Мак» карта (метафорлық ассоциативті карта) арқылы ішкі ресурстарын тауып, сурет арқылы өзіндік ресурстарын айтып өтілді. Картамен жұмыс оқушыларға ішкі менін анықтауға көмектесті.

3.«Бір-біріңе жақында» жаттығуы.

Мен «бір-біріңе» деп айтқанда, сіздер өздеріңе жұп тауып алуларың керек. «Бір-біріңе!». Енді бір-біріңе қол беріп, бір-біріңнің аяғыңа аяғыңды, мұрыңды мұрынға, құлақты құлаққа, бетті бетке қарай қимыл қозғалысын қайталады. Тапсырма қызықты тартымды түрде өтті.

4.«Стрессті қалай жеңуге болады?»

Шеңбер жасап, шар үлестіріледі, психолог, оқушылардың бір шетінен «Сендердің қандай жағдайда жындарың келеді?» деген сұрақ қояды. Оқушылар сол сәттерімен бөлісіп шарды үрлеп, әр бір оқушының айтқан сөзінен кейін шар үрлене береді, шар үлкейе береді, үйге барсам ата - анам ұрсады, мектепке келсем сынып жетекшім оқушылар алдында сынаиды, осы сөздердің бәрі айтылады, оқушылар үлкен болып шыққаннан соң шарды жарады. Психолог. Мінеки оқушылар стресс осылай жиналады, ол жинала берсе сенің денсаулығыңа, алда болатын ҰБТ - ға дайындығыңа, психологиялық дұрыс қалыптасуыңа өте зиянды, сол үшін бойларыңдағы жағымсыздық қасиет тудыратын сөздерді дұрыс қабылдап, стреске ұшырамауларыңа тілектеспін.

Қорытынды: түлектері алдарыңда үлкен сын, намысты дода сол сынға әрқашан сеніммен баруды үйренді. Бақытты ғұмыр болмайды, ол бақытты секунд, бақытты минут, бақытты сәттерден тұрады, біз сол бақытты сәтті сезіне білу арқылы бақытты болуды үйренді. Бар дауыспен «Біз ҰБТ - ға сеніммен барамыз!

27.01.23жыл. Ата-аналарға арналған ағарту жұмыстары «МЕКТЕП ПЕН АТА-АНА» баяндамасы оқылды.

30.01.2023 жыл. **Мен өмірді сүйемін! атты оқушыларымен тренингі өткізілді.**

Мақсаты: Өмірді сүйуге үйрету, оның әрбір сәтін қадірлеуді түсіндіру. Өмірдің мәні туралы ой-пікірлерін ортаға салдыру, өмірге жақсы көзқараспен қарауға, бағалай білуге, жастарды бүгінгі қоғамымызды жауалаған зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, өз – өздеріне қол жұмсаудың алдын алуға тәрбиелеу. Оқушылардың өмір құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Сапалы білім, саналы тәрбие алып, болашақ өмірдің баспалдығын аттауға дайындау. Өмірдің өте қымбат екендігіне көздерін жеткізу.

30-31.01.23жыл. «Сыныптағы буллинг пен кибербуллингті болдырмау мен алдын алуда оқушылардың ролі», «Сыныптағы басқару стилі» атты пікірталас сынып жетекшілерімен

бірге қызықты да тартымды түрде өткізілді. Ақпан айының бірінші аптасында ауданнан келген анонимді сауалнама алынды. Сауалнамаға 57 мұғалім қатысты. 8-22 аралығында –балл жинады ол дегеніміз ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалы орташа деңгейде. Нәтижесін адами әлеуетті дамыту бөліміне мәлімет тапсырылды. 2023 жылдың ақпан айында аудан деңгейінде оқушылар арасында өзіне-өзі қол салу фактілерінің алдын алу, балалар арасында көңілді орта құру, адамның психологиялық саулығын жақсарту мақсатында «**Өмір-бұл бақыт, оны өз қолыңмен ЖАСА!**»

тақырыбында декадасы ұйымдастырылып, өткізілді. Декада бағдарламасына сәйкес тақырыптарында іс-шаралар жүргізілді. Декада барысында 10 «а» сынып жетекшісі Орымбаева Ж, 10 «ә» сынып жетекшісі Бейсебаева Р, 8 «а» сынып жетекшісі Сулейменова С, 6 «б» сынып жетекшісі Абламатқызы іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, белсенділік танытты.

Декадаға белсене қатысып, өз шығармашылығын, ұйымдастырушылық қабілетін креативті идеяларымен бөліскен төмендегі сыныптар, оқушылар марапатталды.

Олар: 5 «а» сынып Ергеш Ж, 5 «ә» сынып Шәріпбай А, 6 «б» сынып Зулфугарова А, 8 сынып Ержігіт Н, 8 «б» Хайп Назерке, 9 «б» сынып Амантай Рауан, Абдували Айдана. Плакаттар сайысында 5 «ә», 6 «ә», 7 «б», 8 «ә», 9, «ә», 10 «ә», 11 «ә» сыныптар сараланып, марапатталды. Декада өз деңгейінде кереметтей өтті.

Ақпан айының үшінші аптасында 10-11 сынып оқушыларын болашаққа деген жоспарын дамыту мақсатында «Менің таңдауым» атты тренинг өткізілді. 5 сынып оқушыларымен «Менің қолымнан бәрі келеді!» атты тренинг өткізілді.

Мақсаты: Баланың бойындағы тұйықтық, ұялшақтық қасиеттен арылту. Ақпан айының төртінші аптасында ата-аналармен «Зорлық-зомбылықтың түрлері мен оның бала психологиясына әсері» атты тақырыпта түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Педагогтарға арналған түзету-дамыту жұмысы жүргізілді. Педагогтардың сұранысы бойынша жеке кеңестер жүргізілді. Аутодеструктивті мінез-құлықты балалармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айының бесінші аптасында 5-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен электронды түрде сауалнама жүргізілді, нәтижесі білім бөліміне тіркелді. 5-9 сынып оқушыларымен «Досың кім екенін айтсаң, сенің кім екенінді айтамын» жаттығуы жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен сыйлас болуға үйрету, коммункативті өрісті дамыту.

02-07.03.23 жыл. “Мені не үшін құрметтеу қажет?” жекеленген психологиялық қолдауды қажет ететін оқушылармен жеке сессиялар жүргізілді. Қажетті кеңестер берілді.

Үлгерімі төмен 3-5 сынып оқушылармен “Жұлдызды сәт!”, “Менің әлемім” атты интеллектуалды сайыстары өз деңгейінде өткізілді. Кинесологиялық жаттығулар жүргізілді.

10.03.23 жыл. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жоспарға сай “Кәнеки қыздар” атты сайыстар жүргізіліп, ағарту, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

13.03-17.03.23 жыл. “Бақыт әлемінде” атты 5 күндік психологиялық марофон өз деңгейінде өтті.

Психологиялық марафонның міндеттері: оптимистік жалпы көңіл-күй, «психологиялық толқынға» деген көзқарасты қалыптастыру; педагогтар мен ата-аналардың психологияға деген қызығушылығын арттыру; ересектердің бала әлеміне деген қызығушылығын ояту, оған жеке-жеке дамуына көмектесуге ұмтылу; мекеме ұжымында қолайлы психологиялық ахуал жасау; отбасылық әл-ауқат пен ата-ана табысын насихаттау; отбасында, балалар мен педагогикалық ортада қатыгездіктің алдын алу болып табылды.

1 күні. Акция. “Адам жанына арналған аптечка” “Арт-терапия- денсаулықты сақтау және жақсарту технологиясы ретінде” атты акциялар өткізілді. Қатысты мектеп ұжымы, оқушылар.

2 күні. Психологиялық акция “Көңіл күй кемпірқосағы”, Психологиялық қорған “Ойды дауыстып жеткізу”. Арт терапиялық шеберхана “Сиқырлы орта” педагогтар арасында “Шеберліктің шегі жоқ” атты іс-шаралар ата-аналармен, оқушылар және педагогтардың қатысуымен көтеріңкі көңіл күймен өткізілді.

3 күн. Бастауыш сынып оқушыларымен яғни 184 оқушымен “Эмоционалды -қимылдық психотехника” , “Менімен бірге биле!” атты іс-шара керемет көңіл күйімен өтті.

4 күн “Менің отбасым-менің кеңістігім” атты ұжымдық коллаж өз деңгейінде өткізілді. Оқушылармен біргелікте “Менің отбасым” суреттер көрмесі өз деңгейінде кереметтей өтті. Құм терапиясы “Мен ұжымның бір бөлшегімін” бастауыш сынып өткізілді. Жалпы психологиялық марофон өз деңгейінде қызықты және тартымды түрде өтті. 03.04.23 жыл. ППҚ-ға баратын оқушыларға мінездеме дайындалды, үйде оқытылатын 3 оқушы ПМПК комиссиясынан өткізілді.

04.04.23 жыл. Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында “Имандылық парызың” атты ауыл имамы Е.Олжабаев мырзамен кездесу өткізілді. Жалпы кездесуге 7-11 сынып оқушылары қатысып, өз көкейіндегі мазалаған сұрақтарына жауап алды.

05.04.23 жыл. 9-11 сынып оқушыларынан мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында «Кондаш» сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесінде 12 оқушыда мазасыздық деңгейі анықталып олармен жеке кеңестер жүргізілді.

06-07.04.23 жыл. 7,9 сынып оқушыларымен зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында “Зорлық зомбылықсыз балалық шақ” атты тренингтер өткізілді. 10-11.04.23 жыл 3 “а”, “ә”, “б”, “в” сынып оқушылармен “Нейрожаттығулар” жүргізіліп, үлгерім төмен оқушылармен “Мен кереметпін” сайысы өткізілді. Жалпы сайысқа 22 оқушы қатысты.

12-13.04.23 жыл. 5 “а”, “ә”, “б” сынып оқушылармен “Нейрожаттығулар” жүргізіліп, үлгерім төмен оқушылармен “Мен алғырмын!” сайысы өткізілді. Жалпы сайысқа 22 оқушы қатысты.

14.04.23 жыл. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында “Ана, келін, бойжеткен” аналар, мектеп медбикесі, емхана дәрігермен кездесу өткізілді. 7-11 сынып оқушылары қатысты. Кездесу барысында оқушылар өз көкейіндегі сұрақтарды арнайы келген мамандарға қойып, жауаптарын алып отырды.

17.04.23 жыл. Психологиялық қолдауды қажет ететін оқушылармен жеке кеңестер жүргізілді.

18.04.23 жыл. Дала жиынына баратын оқушыларды психологиялық тұрғыда қолдау мақсатында

“Мен елімнің ертеңімін” атты сұхбат жүргізілді. Жалпы 14 оқушы белсенді түрде өз ойын емін еркін айтып өтті.

19.04.23 жыл.9 “а”, “ә”, “б” сынып оқушыларымен “ББЖМ қарсаңында” атты семинар-тренинг өз деңгейінде өтті. 20-21.04.23 жыл.11 сынып оқушыларымен жүйке жүйесіне түсетін күштен

психологиялық арылу және емтихан кезіндегі стресстен арылу әдістемелері, дәрістер жүргізілді.

28.04.23 жыл.” Мотивацияның адам өміріндегі ықпалы. Қажеттіліктер мен мүмкіндіктер” облыстық семинарда “Жетістік пен табыстың сырлары” коучингке өткіздім.

04.05.23 жыл. «Білім сынағына – сеніммен!» тақырыбындағы аудандық психологиялық айлық басталды.Мақсаты: Сынып бітіруші оқушыларға психологиялық қолдау көрсету. Емтихан, ҰБТ барысында эмоциясын басқаруды үйрету.Ата-аналар мен мұғалімдерді баланың психологиялық қырларымен таныстыру.

Психологиялық айлықтың ашылуы салтанатты түрде №74 жоббм мектебінде өтілді. 4,9,11-сыныптарынан мазасыздану деңгейі анықтап, оның қорытындысын адами әлеуетті дамыту бөліміне тапсырылды. Диагностика қорытындысы бойынша ата-аналарға, педагогтарға түсіндірме жұмысы жүргізілді.

10.05.23жыл. Психологиялық ағарту жұмысы жүргізілді. 4,9,11 сынып оқушыларымен “Денсаулыққа зиян келтірмей , емтихаға қалай дайындаламыз?”

12.05.2023ж “Отбасы жағдайында емтихан тапсыратын балаға қолдау көрсету” Баланың жас ерекшелігіне қарай ата – аналарға арналған жаднамалар, психологиялық кеңестер, ұсыныстар тарату. «Ата – аналарға 100 кеңес» айдары негізінде 1-11 сынып ата – аналарына баланың жас ерекшелігін ескере отырып психологиялық кеңестер, жаднамалар, ұсыныстар тарқатылды.

